



ÓZEN

№12 (82) ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Табалдырықтан аттаған Қоян жылы баршаңызға құтты болсын! Жаңа жыл жағымды жаңалықтар мен телегей табысымен келсін.

Жаңа жыл өткен жылдың қорытындысын жасап, атқарылған істі саралайтын кезең екендігі белгілі.

Халқымызда «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген даналық сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күтетін халықпыз.

2022 жыл Қоғам үшін берекелі де жемісті жыл болды. Өндірісте жаңа технологиялар енгізу жоғары дәрежеде жүзеге асырылып, жаңа арнайы техникалармен толықты. Өзен кен орны еңбек ұжымы ауызбіршілігі мен адал еңбегінің арқасында тоқтамай, бірқалыпта жұмыс жасады.

Келер жыл жетістіктер жылы болғай. Компаниямыз өркендеп, халқымыз игілікке, мемлекетіміз молшылыққа, әр шаңырақ береке, бақыт пен шаттыққа кенеле берсін! Әрбір игі іс пен жаңа бастамаға сәттілік серік болып, Жаңа жыл мерекелі, берекелі болсын. Қамбамыз «қара алтынға» толсын!

Құрметпен, Мақсат Ибағаров «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры



**ҚАРАША АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ
ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ**

91,22%

ЫРША АМЫ

жағымды

«Өзенмұнайгаз» АҚ жұмысшылары балаларына арналған мерекелік шаралар басталды. «Ажар» салтанат сарайында ұйымдастырылған таңертеңгілікті алғашқылардың бірі болып МӨҚЖТЖБ қызметкерлерінің балалары тамашалады. Мерекелік шараға 250-дей бүлдіршін қатысты.

Шараның шымылдығын басқарма әлеуметтік-әкімшілік қамтамасыз ету бөлімі басшысы Қарлығаш Қибасова мен кәсіподақ төрағасы Мұхтар Есенмұратов ашып берді. Олар балаларды жаңа жылмен құттықтап, жүрекжарды тілегін жеткізді.

Балдырғандардың уақытты қызықты өткізуіне трендтегі мультфильмдер мен кино кейіпкерлері көмектесті. Мың бұрала билеп, асыр сап ойнаған балақайлар дәстүрлі түрде Аяз ата мен Ақшақарды шақырып, жаңажылдық шыршаны да жақты.

Сүйікті кейіпкерлермен уақытты көңілді өткізген балалар тақпақтар айтып, өнерін ортаға салды. Балақайлар сыйлықтан да құр қалмай, мәз-мейрам болып тарқасты.





Жаңару заман талабы

«Өзенмұнайгаз» компаниясында өндіріске жыл сайын жаңашылдықтар енгізіліп, соның арқасында жұмыс оңтайландырылып келеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу биыл да орын алды.



2022 жылы транспорт басқармалары күз-қыс мезгіліне дайындық жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізе білді. Транспорт департаменті Атырау мұнай өңдеу зауытынан – 15–25°C температурада қататын дизель отынымен дер кезінде қамтамасыз етуінің арқасында, ауа райы күрт төмендеген кезде, арнайы техникалардың тұрып қалу фактілері орын алмады. Арнайы техникаларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары бойынша жыл басынан бері 40-қа жуық автодөңгелектер, аккумулятор батареялары, жанар-жағар майлар, темір арқандар, жабдықтар, құрал-саймандар және тағы басқа материалдарды сатып алуға 400-ден астам келісім-шарт жасақталып, аталған тауарлар уақытылы жеткізіліп отырды.

Қоғамдағы автокөліктер мен арнайы техникаларды жаңарту бағдарламасы бойынша ағымдағы жылы компания бюджетінен 10,5 млрд теңге қаражат бөлінді. Бүгінгі таңда қарастырылған қаржы толықтай игеріліп, 221 бірлік өндіріске қажетті жаңа автокөліктер мен арнайы техникалар сатып алуға келісім-шарт жасақталды. Бұл Қоғам балансындағы 1500-ге жуық техниканың 15 пайызын жаңартуға мүмкіндік береді. Жасақталған келісім-шарттар бойынша қазіргі таңға дейін 83 бірлік техника жеткізіліп, өндірістің жұмысына қосылды. Айта кететін жағдай, көліктер осы күнге дейін отандық және Ресей зауыттарынан сатылып алынып жүрсе, осы жолы шетелдік танымал компаниялардан алуға күш салынды. Нәтижесінде 221 бірлік техниканың 103 бірлігі Toyota, Jsc, MST, SHANTUI, Shacman, Fuwa, WECAN шетелдік компанияларынан алынды.

Мұнай және газ өндіру басқармалары жерасты жөндеу бригадаларында маңызды жұмыс атқаратын арнайы техникаларға уақытылы сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізіп отырды. Осының арқасында 2021 жылы болған 530 сағат бос тұрыс биылғы жылдың 11 ай көрсеткіші бойынша 175 сағатқа дейін азайды.

Жол-көлік оқиғаларын болдырмау, алдын алу, жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында көліктерге GPS құрылғысы орнатылған болатын. Бұл жылдамдықты белгіленген межеден асырған, жол ережесін сақтамаған жүргізушілер туралы ақпаратты анықтауға көмектеседі. Күнделікті бақылау және талдау жұмыстары жүргізіліп отырады. Осының арқасында Өзен-Қарамандыбас кен орнында өткен жылы орын алған 383 жол ережесін бұзушылық фактісі, 2022 жылдың 11 ай көрсеткіші бойынша 207-ге дейін төмендеді.

Бүгінгі таңда Қоғамда скважиналардың жұмысын онлайн бақылап отыруға мүмкіндік бар. Мониторингтік жүйе арқылы кез келген скважинадағы жағдайды қашықтан көруге болады. Бұл міндетті автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаменті мамандары орындайды. Сонымен қатар аталмыш департамент электронды құжат айналымы жүйесін іске қосты. Бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қарасты еншілес компаниялар мен «Самұрық-Қазына» қорының бірегей жүйесі. Соның арқасында компаниялар арасындағы ресми хат алмасу сандық технология негізінде жүзеге асырылып отыр. Сондай-ақ компанияның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дерек алмасудың бірегей жүйесі де жасақталды.

Департаментпен атқарылған тағы бір іс-шара – нысандарға бейнебақылау орнату. Биыл компанияға қарасты нысандарда бейнекамера орнату жұмысы жалғасын тапты. Қазіргі таңда 1347 бейнекамераның күні-түні жұмыс істеп тұрғаны – көңіл көншітеді.

Өндіріске жауап беретін мұнай және газ өндіру департаментінде биыл да заманға сай өзгерістер мен жаңашылдықтар орын алды. Департамент мамандары биылдан бастап өндіріске электрбұрандалы сораптық қондырғыларды енгізді. Бүгінде жоспарланған 30 қондырғы толық орнатылды. Бұрандалы сораптық қондырғылардың артықшылығы – жоғары парафинді, механика қоспалары жоғары ұңғалардың жұмысын жақсартып, жөндеуаралық кезеңді ұзартады. Скважина біресе құбыры тесіліп, біресе сорабы істен шығуына байланысты ары кетсе 100–120 күннен кейін жөндеуді қажет етіп тұратын болса, ал бұрандалы сораптық қондырғылар орнатылған ұңғалардың жұмыс істеу мерзімі 1 жылға дейін ұзарып, сәйкесінше өндірілетін өнім көлемі көбейіп, шығындар азаяды.



Департамент қызметкерлері жұмыстанып жатқан тағы бір бастама – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәжірибесіндегі «АВАІ» интеллектуалды жүйесінің «Асқынуларды бақылау» модулі. Қазіргі таңда бұл бағдарлама №4 МГӨБ-те сыналып, өндіріске енгізілді. Сонымен қатар Қоғамның басқа да МГӨБ-теріне енгізілуде. Нәтижесі – көңіл көншітерлік. Бастама арнайы интеллектуалды жүйе негізінде жүзеге асады. Бұл жүйе тұз шөгінділері, асқынулар, бактериялар, сульфиттер әсерінен болған тотығуға және оған қарсы жіберілетін химия мөлшеріне бақылау жасайды. Жүйе тотығу пайызын, оны жою үшін қандай көлемде химия керек екенін диспетчер мониторында көрсетіп тұрады. Бұрын бұл іспен жұмысшылар арнайы барып, өздері айналысатын. Цифрландырудың арқасында уақыт та, химиялық реагенттер де үнемделіп, жұмыс жедел атқарылатын болды. Бұл – компаниямыз үшін маңызды жаңашылдық екенін ескеру қажет.

Компания Өзен, Қарамандыбас кен орындарынан бөлек,

келісім-шарт бойынша 5 газконденсатты кен орындарды игеруде. Солардың бірі – Батыс Төңге кен орны. Геологтар осы жердегі №23 скважинаның табиғи газ қабатынан мұнай қабатшығын тауып, қазіргі таңда №4 МГӨБ жұмысшыларымен бірлесіп «қара алтын» өндіруде. Бұл жұмыстың басы-қасында мұнай және газ өндіру департаменті мамандары жүр. Батыс Төңге кен орнынан мұнай қыркүйек айынан бері игеріліп жатыр. Өнім мұнай дайындау және жөнелту цехына жіберіліп тұр. Бұл – тиісінше, компания өндіріп жатқан мұнай көлемін көбейтуге септігін тигізеді.

Сондай-ақ департамент қызметкерлері мұнай-газ өндірісін оңтайландыру мақсатында жақында «Татнефть» компаниясына барып, тәжірибе алмасып келді. Олар 10 күнге жуық аталған компанияның мұнай өндіру тәсілдерімен танысқан болатын. Қазіргі таңда мамандар қажет деп тапқан оқудың тиімді тұстарын өндіріске енгізуде.

Компания үшін ауыз толтырып айтатын тағы бір жаңалық – күрделі құрылыс департаментімен жуырда 150 адамға арналған тұрмыстық-шаруашылық кешен пайдалануға берілді. Мұнайшылардың жұмыс жасауына ыңғайлы болсын деген мақсатта салынған нысан №1 МГӨБ-ке қарасты жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы аймағында бой көтерді. Сондай-ақ №10 МГӨЦ аймағындағы АЖТБ жұмысшылары үшін 30 адамға арналған әкімшілік-шаруашылық кешен және АЖТБ метрология зертханасы пайдалануға берілді. «Өзенэнергомұнай» басқармасына қарасты №46 электр энергиясын тарату торабы жаңа блок-модульді нысанға көшірілді.

Бұдан бөлек, департамент қызметкерлері мұнай дайындау және жөнелту цехы аумағында көлемі 20 мың куб суды жоғары деңгейде дайындауға арналған қазан салумен жұмыстанды. Бұрғылаудан шыққан 137 мұнай, 30 су ұңғымасын жайластыру мен 55 шақырым мұнай және су құбырын қайта жаңғырту жұмысын да назардан тыс қалдырмады.

Жалпы биылғы жылы жасалған жұмыстар жетерлік. Жоғарыда айтып өткендеріміз, атқарылған істердің бір бөлігі ғана. Алдағы жылы мұнай-газ өндіру ісін дамыту жоспар бойынша жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда ұзындығы 10 шақырым темір құбырын полимер, яғни шыны талшықты-пластикалық құбырға ауыстыру бойынша жоба жасақталып жатыр.

Компаниядағы кез келген жұмыс алдын ала жоспарланып, жүйеленуі арқасында алға ілгерілеумен келеді. Білікті де тәжірибелі кадрлардың қызмет етуімен Қоғам жаңашылдыққа бейім екенін көрсетуде. Өзен, Қарамандыбас кен орындарын игеру шараларына уақыт талабына сай өзгерістер алдағы кезде де енгізіліп, өндіріс оңтайландырыла бермек.



Жақсылық Жанғазиев ТУРАЛЫ КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ



Өзен кен орны қазба байлығын игеру ісінде маңызды орны бар тұлға, даңқты мұнайшы, білгір басшы Жақсылық Жанғазиев туралы жарыққа шыққан кітаптың тұсауы кесілді.

Шараға қала әкімі Айбек Қосуақов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласы өкілдігінің әлеуметтік және ақпараттық саясат және сүйемелдеу департаментінің директоры Аманғали Нұрдаулетов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров, кітап авторы Киікбай Медеуов және қаламыздың ақсақалдары, қоғамдық кеңес мүшелері, ардагер мұнайшының үзеңгілес әріптестері, ұрпақтары, туыс-туғандары қатысты.

Бірқатар азаматтар құттықтау сөз алып, Ж.Смағұлұлының Өзен кен орнына сіңірген еңбегін, басшылық қарым-қабілетін, «Өзенмұнайгаз» Өндірістік бірлестігін құлдырау кезеңінен аман алып шыққан жанкештігі жайында айтып, кітаптың мазмұны мен құндылығына жоғары баға берді.

– Тәуелсіздік алған жылдары Маңғыстау мұнайын игеруде қиын кезеңдер орын алып, мұнай өнімі үш есеге түсіп кетті. Мұнайдың баррелі 9 долларға төмендеп, 12-13 сағат жұмыс жасалса да, табельге 4 сағат қойылатын. 1995 жылдың аяғында кен орынды шетелдік компанияға беру керек деген мәселе туындады. Сол кезде «Өзенмұнайгаз» ӨБ басқарған Жақсылық Смағұлұлы Үкіметке барып, Өзен кен орнының потенциалы жоғары екенін дәлелдеп шықты. Нәтижесінде Халықаралық даму банкінен қаржы бөлініп, 2,5 млнға дейін түскен мұнай өнімі бірнеше жылдың ішінде 6,5-6,8 млнға дейін көтерілді. Оңалту жобасы арқасында кен орынның екінші тынысы ашылды деуге болады, – деді бас директор М.Ибағаров.

«Жақсылық Жанғазиев» деп аталатын кітаптың авторлары – журналист Лебен Сәдуақасұлы мен кен инженері, өлке тарихы туралы бірқатар кітап жазған Киікбай Медеуов. Саналы ғұмырын еліміздің мұнай мен газ өндіру саласына арнаған, жер байлығының халық игілігіне айналуына елеулі үлес қосқан Жақсылық Смағұлұлы Жанғазиевтің өнегелі өмірі мен еңбек жолы баяндалды. Кітап 500 таралыммен жарық көрді.

Киікбай Медеуов: – Қолдарыңызға тиіп отырған кітаптың 20 жылдық тарихы бар. Сол уақыттарда болған оқиғаларды баяндаудан басталған әңгімелер соңғы 2-3 жылдықта жинақталып, толықтырылып, бүгінде бүтін кітап болып шығып отыр, – деді.

Тұсаукесерде қатысушыларға кітап сыйлыққа беріліп, қалалық кітапханаға бір бумасы тапсырылды.



МЕТРОЛОГИЯ ЗЕРТХАНАСЫ пайдалануға берілді



Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасында метрологиялық зертхана инженерлеріне арналған жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Осыған дейін құжаттармен, құрылғылармен шағын бөлмеде жұмыс істеп келген мамандар ыңғайлы, бірнеше тексеру кабинеттері бар жаңа нысанда жұмысын жалғастыратын болады.

Ашылу салтанатына қатысқан бас директор Мақсат Ибағаров зертхана жұмысының маңыздылығына тоқталып өтті.

– Құрметті әріптестер! Тәуелсіздік күні және мереке қарсаңында ашылып жатқан метрология зертханасы құтты болсын. Метрологиялық зертхана – Өзен кен орны үшін өте маңызды. Мұнай саласындағы өлшеу аспаптары дұрыс жұмыс жасауы тиіс. Бұрындары Атырау, Ақтау қалаларының зертхана көмегіне

жүгінетін едік. Ендігі күні өзіміздің жанымызда болады. Өндіріске көп игілігін тиігізеді деген сенімдемін, – деді бас директор.

Ғимараттың символикалық кілті АЖТБ директоры Марат Садықов пен метрология зертхана меңгерушісі Дариға Наурызбаеваға тапсырылды.

Метрологиялық зертхана 2004 жылы АЖТБ жөндеу цехының құрамында салыстырып тексеру зертханасы болып ашылған. 2010 жылы цех қарамағынан бөлініп шығады. Қазіргі таңда өндірістік құрылғыларды 6 өлшем түрінен тексеруді жүзеге асырумен айналысатын 9 маман қызмет етеді. Зертхана меңгерушісінің айтуынша, жылына 7000-ға жуық аспап мемлекеттік стандартқа сай тексерістен өткізіледі. Бұл – өндірісте өлшеу құрылғыларының ақаусыз жұмыс жасап, ең бастысы апаттық жағдайды туындатпай, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Өзенмұнайгаздық геологтар ТОП ЖАРДЫ



«Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «ҚМГ Инжиниринг» геологтарын қамтыған биылғы жылдың тамыз айында басталған «Бас геолог» модульдік оқыту бағдарламасы өз мәресіне жетті.

ҚМГ Инжиниринг және «Қазмұнайгаздың» адами ресурстарды басқару департаменті мен геология блогының қолдауымен 6 модульге бөлінген оқу – жер қыртысы, ішкі қабаты, құрамы, құрылысы, қозғалысы, даму тарихы, орналасу заңдылықтары, кен орындарды игеру, бұрғылау, сондай-ақ мұнай саласындағы іскерлік пен кәсіби шеберлікті дамытуға мол мүмкіндік берді.

Майталман мамандар ресурстық базаны ұлғайту мақсатында әлі де ұрпаққа азық, ел экономикасын көтеруге қызмет ететін кен орындар болашағына баға беріп, жоба қорғады.

Нәтижесінде бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары Шолпан Пангереева бастаған өзенмұнайгаздық геологтар «Үздік жоба» номинациясын иемденіп, топ жарды.

Марапат құтты болсын, әріптестер!

Кәсіподақ — еңбек адамына құрмет көрсетті

Компания акт залында «Жаңаөзен мұнайшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ-ның ұйымдастыруымен Тәуелсіздік мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Мерекелік жиын барысында 108 кәсіподақ мүшесіне Алғыс хат және қаржылай сыйлық табыстады.

– Әр қазақ баласы үшін ұлық мереке болып саналатын Тәуелсіздік күні құтты болсын! Біз қолымыздан келгенше әрбір жұмысшының мүддесін қорғап, мәселесін шешуге тырысамыз. Қара қазан, сары баланың несібесі үшін адал қызмет етіп, ел ырысын еселеп жүрген Өздеріңізге зор алғыс білдіре отырып, мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға жарасымды жақсылық пен ырысты ынтымақ тілеймін, – деді Серік Бекбергенов.

Сырымбек Алдияров, Асланбек Әзбергенов, Михаил Тұрашевтар «Маңғыстау облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Құрмет демалысына шыққан Сұлтан Мұрат пен Амангелді Ақмұрзаевтарға кәсіподақ ұйымының атынан жүз мың теңге ақшалай сыйлық, Алғыс хат және төсбелгі табысталды.



БІЛІКТІ БАҒЫНДЫРҒАН ЕДЕЛДІ АЗАМАТ

МЫНА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ӘР АДАМНЫҢ ӨЗ МИССИЯСЫ БАР. ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҰМТЫЛУ, БІЛІМ АЛУ, ОҚУ, ТАҒЫСЫН - ТАҒЫЛАР. АЗАМАТ КІСІЛІГІ МЕН КІШІЛІГІН ЖОҒАЛТПАЙ, ТУҒАН ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЖЕТІНЕ ЖАРАСАМ ДЕГЕН ҰСТАНЫМДЫ ӨЗІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛДЫРАДЫ. САНАЛЫ ҒҰМЫРЫНДА ЕРЕН ЕҢБЕК ЕТІП, ҰЛТТЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ ҮШІН СУБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН АЗАМАТТЫҢ БІРІ ӘРІ БІРЕГЕЙІ – ЖАНБОЛАТ ҚЫДЫРҒАЛИЕВ.



қатарынан Жаңаөзен қаласының білім бөлімінің Алғыс хаттарына ие болды. 1987 жылы Жаңаөзен қалалық Ішкі істер бөлімінің бастығы А.Өзбекқалиевтің жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыс атқарғаны үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталады. 1995, 1998, 2001, 2004, 2005 жылдары Жаңаөзен қаласы әкімінің Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен наградталады.

Қ.Жұмашевтың «Нұр Отан» ХДП-ның 15 жыл мерекелік Алғыс хатымен 2014 жылы, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ-ның бас директоры К.Ибрашевтің Жоғарғы еңбек жетістігін көрсете білгені үшін Алғыс хатымен 2010 жылы, Маңғыстау облыстық Кәсіподақтар кеңесі төрағасы А.Ахатовтың Қазақстан Республикасы кәсіподақтары күніне орай Алғыс хатымен 2014 жылы, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ-ның бас директоры А.Нұрсейітовтің Мұнайшылардың әлеуметтік қорғалуына қосқан үлесі үшін Алғыс хатымен 2013 жылы, Жаңаөзен қаласының әкімі С.Тұрұмовтың 1 наурыз «Нұр Отан» партиясының күніне орай мерекелік Алғыс хатымен 2013 жылы марапатталады.

«ӨзенМұнайГаз» АҚ бас директорының Алғыс хаты және Құрмет грамоталарына қатарынан төрт жыл лайық деп танылады. 1995 жылы Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі төсбелгісімен, 2000 жылы Қазақстан Спорттық ісінгірген еңбегі үшін төсбелгісімен, «Мұнай-газ салалық кәсіподағының» құрметті төраға төсбелгісімен 2011 жылы, «Нұр Отан» ХДП жоғарғы партия мектебін бітіргені туралы төсбелгісімен, Маңғыстау облысының дамуына қосқан үлесі үшін медалімен 2014 жылы, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдық мерекелік төсбелгісімен 2014 жылы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ескерткіш төсбелгісімен 2011 жылы, ҚР Кәсіподақтар Федерациясының 20 жылдығының естелік төсбелгісімен 2017 жылы марапатталған. 2019 жылы «Қазақ мұнайына – 120 жыл» төсбелгісі, бір жылдан соң Жаңаөзен қаласындағы Оқушылар шығармашылық үйіне 40 жыл толуына орай төсбелгісі ардақты азаматқа салтанатты түрде табысталды. Жанболат Ишахатұлы осындай жетістікке тек еңбекқорлығы мен қызметіне деген адалдығының арқасында ие болғаны хақ. Бүгінде Жанболат аға балаларынан тәтті немерелер сүйіп отырған қамқор ата.

Жанболат Ишахатұлы 1961 жылдың 11 маусымында Атырау облысы, Құрманғазы (бұрынғы Денгиз) ауданына қарасты Балқұдық елдімекенінде дүниеге келген. 1968 жылы Жаңаөзен қаласындағы Төлесін Әлиев атындағы №1 қазақ орта мектептің алғаш рет табалдырығын аттайды. 1978 жылы аталмыш білім ошағын үздік тәмамдап, қолға аттестат алған соң үлкен өмір соқпағына түседі. Әкесі Ишахат Қыдырғалиев – жоғары білімді физика-математика пәнінің мұғалімі болып сан жыл қызмет атқарып, білім саласына мол үлес қосқан адам. Анасы Танзила Ахметова да математика пәнінен сабақ беріп, өскелең ұрпақ бойына білім нәрімен сусындатты.

«Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» демекші, Жанболат Ишахатұлы әке-шешесі салған сара жолға түсіп, ұстаздық етуге шешім қабылдайды. Осылайша жас маман 1978 жылы Жаңаөзен қаласындағы Төлесін Әлиев атындағы №1 қазақ орта мектебіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Совет Одағы кезінде денсаулығы аттай әр азамат Отан алдындағы парызын орындауға міндетті саналатын. Әскерге бару немесе бармау талқыландырылды. Жанболат та 1979–1981 жылдар аралығында әскер борышын абыройлы атқарып, елге аман оралады.

1982 жылы алғаш еңбекке араласқан ұйымшыл ұжымына барып, мұғалімдік қызметін әрмен қарай жалғастырады. Жоғары білім алу мақсатында 1983–1988 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ дене тәрбиесі мәдениет институтына түседі. Бұл жерде «Туризм және спорт жұмысын ұйымдастырушысы» мамандығын меңгеріп шығады.

Араға он жыл салып, яғни 1998–2000 жылдары Алматы қаласындағы Халықаралық Еңбек Академиясынан «Құқықтанушы» мамандығын игереді. Зиялы отбасыдан шыққан азамат білім алуға, жаңашылдыққа ұмтылды. Кәсібіне деген

адалдығы, жауапкершілігі Жанболат Қыдырғалиевтің лауазым баспалдағымен өсуіне өзіндік септігін тигізді.

Ол 1987–1991 жылдар аралығында №1 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалады. 1991–1998 жылдары мектепаралық комбинат оқушылар шығармашылық үйінің директоры болады. Араға бір жыл салып, яғни 1998–1999 жылдары Жаңаөзен қаласындағы Жасөспірімдер спорт мектебі басшылық қызметіне ауысады. Білім саласының оңалуына, жоғары көрсеткішке ие болуына ықпал етуді көздеген табанды жан 2000–2001 жылдары №10 мектеп директоры қызметіне жан – тәнімен кірісіп, аянбай тер төгіп, өнімді еңбек етеді. 2001–2003 жылдар аралығында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты «ЖаңаОйлСервис» ЖШС-ға кеңсе меңгерушісі болып жұмысқа қабылданады.

2003 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты технологиялық транспорт басқармасында Еңбек инспекторы және ТТБ кәсіподағының жалпы жиналысы өтеді. Жиында әділ әрі белсенді Жанболат Қыдырғалиевті көпшілік бірауыздан кәсіподақ төрағасы етіп сайлайды.

Екі қолын қалтасына салып қойып, қарап отыра алмайтын еңбекқор азамат 2010–2014 жылдары Жаңаөзен қаласының бюджетіне Партиялық бақылау жасау комиссиясының төрағасы қызметін де аса жауапкершілікпен атқарып, өзіне жүктелген міндетті абыроймен алып шығады.

Еңбекке жастайынан араласып, өміріне азық болар мол тәжірибе жиған Жанболат Ишахатұлы талай белестерді бағындырып келеді. Маңдай терімен атқарған еңбегі халық арасында ескеріліп, қошеметке лайық деп танылып жатса, кез келген адам үшін баға жетпес қуаныш!

Жанболат Ишахатұлы 1987 жылы ЦК ВЛКСМ 70 жыл төсбелгісімен, Маңғыстау облыстық білім басқармасы Алғыс хатымен марапатталды. 1988, 1991, 1993 жылдары үш жыл



**МАҢҒАЗ МАҢҒЫСТАУ – МҰНАЙШЫЛАР
ӨЛКЕСІ. БҰЛ АЙМАҚТА ТҰМЫСЫНАН ЕҢБЕКҚОР,
ҚАРШАДАЙЫНАН ҚАРА ЖҰМЫСТАН ҚАШПАҒАН
АПТАЛДАЙ АЗАМАТТАР ЖЕТЕРЛІК. ҚАЗАҚ
ЕЛІНІҢ КЕЛЕШЕГІ ҮШІН АТҚАРЫП ЖАТҚАН
ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ӨЛШЕУСІЗ. СОНДАЙ
ЕҢБЕКҚОР ЖАННЫҢ БІРІ –
РАХАТ ЕСЕНЖАНОВ.**

БҰРҒЫЛАУ

САЛАСЫНЫҢ АРБАЗЫ

Рахат Кәукенұлы 1962 жылы 16-желтоқсанда Маңғыстау облысына қарасты Таушық ауылында дүниеге келген. Әкесі Кәукен, анасы Фаридә 1961 жылы ескі Өзенге кен орнын игеруге келген алғашқы жандардың қатарынан болған. Рахаттың қызыққа толы балалық шағы Қызылсай ауылында өтеді. 1968–1978 жылдар аралығында Ескіөзен поселкесінде №4 орта мектепті ойдағыдай тәмамдайды. Артынша Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы политехникалық институтты «Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау» мамандығы бойынша жақсы аяқтайды. Бұл – 1978–1983 жылдар аралығы болатын.

Жоғары оқу орнын ойдағыдай бітірген жас маман жолдамамен Өзен бұрғылау басқармасына көмекші ретінде қызметке орналасады. Бірден 4-дәрежелі бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа араласып кеткен Рахат Есенжанов саусақпен санарлық қазақ жігіттерінің бірі еді. Өйткені сол жылдары бұрғылау саласында маңдай терімен еңбек етіп жүрген қазақ жастары санаулы ғана болатын.

«Уақыт – сыншы» демекші, кәсібіне адалдығының арқасында мықты, әрі тәжірибелі мамандардан көп дүниені үйренді. Еңбек барысында кездескен түрлі ситуациялық жағдайлардың оңтайлы жолын табуды меңгерді. Осындайда қайсар азаматтың мына бір сөзі есіме түсіп отыр. «Бұрғышыларда болмайды, қолымыздан келмейді, істей алмаймыз деген түсінік жоқ. Біз бәрін орындауға міндеттіміз», – деген болатын.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді дана халқымыз. Қызметтің есігін ашқан жас маманға жол көрсетіп, бағыт-бағдар беретін, ағалық ақыл-кеңесін аямайтын азаматтар Рахат Кәукенұлының жолында жиі кездесті. Әсіресе сол уақытта аймақтық инженер технолог қызмет жетекшісі лауазымында болған Нұрлыбек Иманбаевтың көрсеткен көмегі көл-көсір еді. Бұрғышы Виктор Сидоровтың да кеңестері өмірлік тәжірибе жинауға үлкен септігін тигізгені тағы бар. Осындай алдыңғы буын мықты азаматтардың демеуімен Рахат Есенжанов биік белестерді бағындыра білді.

1983-97 жылдар аралығында Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында бұрғышының бірінші көмекшісі, бұрғышы, шебердің көмекшісі, бұрғылау шебері, ТБ инженер, АИТҚ ауысым бастығы, бастығының орынбасары, бастығы және ОИТК бас-тығының орынбасары, бастығы сияқты қызметтерді үлкен жауапкершілікпен атқарып, өзге мекемелерде директор орынбасары, директор лауазымына дейін көтерілді. Өз ісіне адал қараған азамат жоғары лауазымды қызметтерді үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрді.

1997 жылы «Өзенмұнайгаз» компаниясының

бас директоры қызметін атқарған Жақсылық Жанғазиев және директор Орынбек Абишаевтың шешімімен Рахат Кәукенұлы жаңадан бой көтерген «Круз» мекемесіне бас инженер болып тағайындалады. Рахат аға өзінің біліктілігінің арқасында үш айда өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде атқарып шықты. Үнсіз тұрған техникаларға «тіл» бітіп, мекеме жұмысы жандана бастады. Бірқатар жұмыс орындары ашылып, өз ісінің хас шеберлері қызметтеріне кірісіп те кетті. Осылайша қысқа мерзім ішінде «Круз» мекемесінің аты жан-жаққа тарай бастады.

1999–2007 жылдар аралығында Рахат Есенжанов «Жөндеу» ЖШС директоры болса, 2007–2013 жылдар ішінде «Бұрғылау» ЖШС серіктестігі бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, бас директордың КРС жөніндегі орынбасары қызметін жауапты атқарады. 2013–2015 жылдарда «Круз» ЖШС-ға қайтадан басшылық қызметіне келеді. Ал 2016 жылдан бері «Өзенмұнайгаз» компаниясында бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті аға инженері қызметінде. Өмірлік жары Гүлжан Сейтмұханқызымен бір ұл, екі қызын бағып, тәрбиелеп, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқ-тырмай» өнегелі азаматтардың қатарына қосылуына бар күш-жігерін жұмсады. Балаларын мейірімділікке, татулыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеген Есенжановтар жанұясының тұңғыш қызы Динара – «Өзенмұнайсервис» мекемесінде инженер-геолог болып еңбек етеді. Ортаншысы Жақсылық «Өзенмұнайгаз» компаниясына қарасты «АЖТБ» басқармасында 1-дәрежелі инженер, ал кенжесі Үміт – «Қаражанбасмұнай» компаниясында есепші қызметін атқарып жүр. Бүгінде Рахат Кәукенұлы аяулы жұбайы Гүлжан Сейтмұханқызы екеуі ұл-қыздарынан тараған 4 немере, 4 жиенді қызықтап отырған ардақты ата мен әже. Немерелерінің алды Мұхамедәлі Назарбаев Зияткерлік мектебінде, Асанәлісі Ақтау қаласындағы физика-математика лицейінде білім алып жатыр. Рахат ағаның немерелері атасын мақтан етеді. Олар да келешекте атасы сияқты өз ісінің майталман маманы болғысы келеді.

Рахат Кәукенұлының бойындағы біз байқаған қарапайымдылық қасиет оның тұлға болып қалыптасуына оң септігін тигізді. Ғұмырын мұнай саласында бұрғылаушыдан бастаған ардақты азамат желтоқсанда 60 жасқа толып отыр.

Шаңырағының тұтастығын, мызғымас іргетасын берік ұстаған асыл азамат осы бір мерейлі сәтін жан жарының қасында, ұрпағының ортасында, әріптестерінің қошеметіне бөленіп, қарсы алғаны көңілге қуаныш ұялатады. Тіршіліктің мәнін түсіне білген адам үшін бұдан асқан бақыт жоқ дер едім!

Энергетика саласы қайсар арулары



Сая Алқамова 2001 жылдан бері ӨЭМБ-да табан аудармай істеп келе жатқан білікті маман. Ол Маңғыстау облысы, Ұштаған ауылында туған. 1989 жылы жоғарғы білімді мектепке дейінгі білім беру мамандығы бойынша алғандықтан, алғашқы еңбек жолын тәрбиешіліктен бастайды. Ол кезде балабақшалар «Өзенмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасына қарайтын.

«Алматы энергетикалық институтына тапсырып, екінші мамандықты алып, 2001 жылы «Өзенэнергомұнай» басқармасына электрораушы болып жұмысқа кірдім. Қазір цехтың бригадирімін. Біздің жұмыс екі адамның қол еңбегінсіз өнбейді. Сол себепті де қыздармен бірігіп жасаймыз. 11 квт-дан 110 квт-ға дейінгі өндіріске қажетті қозғалтқыштарға күрделі жөндеу жасалады. Слесарь жігіттер электр-қозғалтқыштардың роутерін ашып, пешке салып, күйдіріп, статорын шығарып береді. Дайын статорға сызбаға сәйкес мыс ораймыз. Зейнетке шыққан апалар үйреткен жолмен келеміз, – деді С.Алқамова.

Өзен және Қарамандыбас кен орнындағы тербелмелер электрқозғалтқыштан тоқ алу арқылы жұмыс істейді. Ал электрқозғалтқыш істен шықса, тербелмелер тоқтап қалады. Мұнай өндірісі үшін маңызды қызмет атқаратын мұнайшы қыз-келіншектердің еңбегі сырт көзге елеусіз көрінгенмен өзіндік қиындығы бар. Қолмен мыс орау – асқан сабыр мен икемді талап етеді.

– Орындықта отырып, сым орау оңай жұмыс болып көрінетін болар. Жиырма жылдан аса осы іспен айналысып келе жатқан маман ретінде олай емес дер едім. Қолдан қол қалмай, ауырады. Айналымға қарай қағаздарды қолмен қиып, оны статорға мыс-пен бірге орналастырамыз. Жұмыс барысында электрқозғалтқыштағы шыны мақта тыныс жолдары арқылы ағзамызға түсуі мүмкін. Бұл денсаулыққа өте зиян. Аптасына 7 электр-қозғалтқыштан шығаруға тырысамыз. Қа-жеттілік туындаған кезде айына 70 электр-қозғалтқыш тапсырған кездер болды, – дейді Сая.

Электрқозғалтқыштарды мыспен орау көлемі мен айналымына қарай уақыт алады. Кем дегенде бір күн, айналымы көптеуі екі-үш күн жасалады.

Өндірісті тоқпен қамтумен айналысатын келесі бір кейіпкеріміз Айман Түсіпова басқармада электромонтер болып 1998 жылдан бері қызмет етіп келеді. Алғаш еңбек жолын қоймашы, электрқозғалтқышты тіркеу бойынша бақылаушы болып бастайды. Одан кейін 2-дәрежелі электромонтер болып қайнаған еңбекке араласады.

– 1967 жылы дүниеге келдім. Мектепті де, мамандықты да Ақтау қаласында оқыдым. Бірінші мамандығым аспазшы-сатушы болды, бұл салада да қызмет етіп көрдім. Екінші мамандығым бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика. Мұнай саласында қызмет етіп келе жатқаным 25 жылға жуықтады. 7 күн жұмыс жасап, 7 күн демаламын. Қанша жерден ер адамға тән жұмыс десек те, мен бұл саланы еш қиын көрмедім, қазір де ауыр демеймін, – дейді.

Жұмысымен таныстырған 5-дәрежелі электромонтер Айман Айтбайқызы әріптестерімен бірге атқаратын маңызды міндеттерін көрсетті. Сквжиналарды тазалау, электрқозғалтқыштардың жұмысын қадағалау, күйіп кеткен жағдайда ауыстыру, сонымен бірге жоспарлы алдын ала жөндеу жүйесін жүргізеді. Бұл–механизмдердің мерзімінен бұрын тозуын болдырмауға, оларды жұмысқа жарамды күйде ұстауға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады екен.

Айман Түсіпованың 3 ұлы бар. Үшеуі де аяқтанған. Әр аптада вахтаға жұмысқа кеткен әжесін Ақтаудағы немерелері сағына тосып отырады.

– Басқармада 450-дей қызметкер болса, біздің цехта 9 адам жұмыс істейді. 1 вахтада 4-5 адамбыз. Тербелмелерге тоқ береміз. Айман апа жұмысына өте тиянақты, ортада сыйлы. Арамызда жалғыз «гүліміз». Көп жағдайда телефонда отырып, орталықтан өтінімдер қабылдайды. Жігіттер үлгермей жатса, түздің жұмысына да араласа береді, – дейді №1 өндірістік энергетика қызметі шебері Ерсайын Тілеуқұлұлы.





ЖАҚСЫ АДАМ

1980 жылы «Өзенэнергомұнай» басқармасы құрылуына мұрындық болған Дәрмен Бекімов 1942 жылы 6 қарашада Гурьев қаласы, Қайыршахта ауылдық кеңесі, Томарлы селосында дүниеге келеді. 1964 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының «Физика-математика» факультетін, 1969 жылы В.И.Ленин атындағы Иваново энергетикалық институтын инженер-электрик мамандығы бойынша тәмамдайды.

1971-1995 жылдары «Өзенмұнай» МГӨБ электромонтер, инженер-энергетик, электроцех бастығы, бас энергетик, «Өзенэнергомұнай» басқарма бастығы болып қызмет атқарады. Маңғыстау мен Атырау өлкелерінде мұнай игеру ісіне зор үлес қосып, білім-білігін, азаматтық ақыл-ойын, күш-қайратын еліміздің өсіп-өркендеуі жолына жұмсаған даңқты энергетик 2021 жылы 3-желтоқсанда өмірден өтеді.

ТУРАЛЫ ЭССЕ

Келдіғұл Биманов: Дәрмен Бекімов – жоғары білімді, өте сауатты азамат еді. Кәсіби тұлғалық қасиетінен өзге, адами тұлғалық қасиеті айрықша, жүрегі жылылыққа толы болатын. Дәкеңнің алдына барған адам көмек алмай кетпейтін. Адам баласының бетін қайтармайтын жұмсақ мінезі болғанымен, жұмысқа келгенде батыл әрі талапшыл болды.

Мұнай-газ өндіру ісінде электр энергиясының маңызын, тоқ болмаса кен орындағы тіршілік тоқтайтынын алға тарта отырып, жолында кездескен небір кедергілер мен қиындықтарға қарамастан, «Өзенэнергомұнай» басқармасын ашты. Табандылық, жігер, білім, деңгей, мінез болмаса, мұндай үлкен тарихи қадам жасалмас еді. Өр жиналыста дәптеріне жазып келген дәрісін оқитын. Ол өткізген ұжымдық бір жиналыс институттың бір сабағындай әсер қалдырушы еді. Өрқашан әділетті әрі талапшыл басшы бола білді.

Дәкең «Өзенэнергомұнай» мекемесін 1995 жылға дейін 15 жыл басқарды. Осы уақыт аралығында өндірістік қамтамасыз ету базасы, электр қозғалтқыштарды жөндейтін, трансформатор жөндейтін цех, т.б. сияқты бөлімдер ашылды. Негізгі нөлден бастап қаланған мекеменің құрылғанына да аттай 42 жыл өте шығыпты. Біле білсек, сол кезде мұндай басқарма бүткіл Совет Одағы бойынша үштікке кірген болатын.

Бекімов «Маңғыстаумұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» компанияларында да электрмен жабдықтау жұмысын ұйымдастыруға ат салысты. Үлкен іс атқарған тұлғаға әріптес, дәмдес болған азаматтар атынан «Өзенэнергомұнай» басқармасы алдына білікті басшыға мүсін орнатылса деген ұсыныс бар.

Бостандық Ақшабаев: 1986 жылы шілде айында біздің Жаңаөзендегі коммуналдық-шаруашылық басқармасы ӨЭМБ мекемесі құрамына кірді. Сол кезде Дәрменмен алғаш танысып, 10 жыл қойын-қолтық жұмыс істедік. Мен ол тұста инженер едім.

80 жылдары бу қазандықтарымыз өте нашар жағдайда болды. Ең негізгі техникаларымыз жыл сайын істен шығып қалып, бізге қыста өте қиын болатын. Сол ӨЭМБ-ға қосылғаннан кейін Дәрменнің бірінші жұмысы – Ресейден генераторлық қондырғы алдыртты. Осылайша мәселемізді шешіп, бір жылдың ішінде жұмысымызды оңтайландырды. Сол техника қазір әлі күнге дейін бар, әлі жұмыс істеп тұр. Халық үшін, қаланы жылумен қамту үшін барын салған басшымыздың еңбегінің жемісін тұрғындар әлі күнге дейін көріп келеді.

Тағы бір айта кететін жайт, 1989 жыл – мекеме үшін өте қиын

уақыт болды. Жастар көтеріліс жасап, кавказ халықтары өз Отанына қайтқанда бізде маман тапшылығы үлкен мәселеге айналды. Сол кезде Дәрмен ситуациядан ұтымды шыға білді. Ол дереу мамандарды дайындайтын курстар ашып, жұмыс тоқтап қалмас үшін көп тер төкті. Сол мамандар әлі күнге дейін «Өзенжылу» мекемесінде қызмет етуде. Ол бұл түйткілдердің бәрін өзінің білім-білігі, ізгі ниеті, ақылының арқасында шешті.

Уақытпен санаспай жұмыс істейтін оның кабинетіне таңертең кіргеннен түнгі 1,2-де бір шығап жүрдік. Жұмыс жайын талқылап, мәселелерді шешіп жүргенімізде уақыттың қалай өткенін байқамай да қалатынбыз. Осының арқасында бу қазандықтарының жұмысы жолға қойылды.

Дәрмен Бекімов – көпке өнеге болған басшы, үлгілі майталман маман еді. Бұдан бөлек адамгершілігімен де ерекшеленді. Ұжымдағы әрбір кадрдың жағдайы оның назарынан тыс қалған емес. Ауыр жағдайдағы отбасыларға көмектесіп, мейірімділік таныта білді. Оның көзін көрген, одан көп нәрсені үйренген шәкірттері қазір басшылық қызметтерді атқарып, ӨЭМБ-ның тіреуі болып жүр.

Қостөре Көшкінбаев: Дәрмен екеуміз қатар жұмыс істедік. Ол байсалды, көп сөйлемейтін, өз ісінің нағыз маманы еді. Кішкентай электроцехты өркендетіп, техникалық жағынан жақсартты. Дәрмен Бекімов – Жаңаөзендегі энергетика саласын жаңа деңгейге көтерген адам.

Қала әкімдігі, «Өзенмұнай» МГӨБ қолдауымен 1980 жылы басқарма құрдық. Мен оның орынбасары болдым. Осылайша 400-500 адамды жұмыспен қамтыдық. Дәрмен Бекімовтің арқасында жүзеге асқан тағы бір жаңашылдық – электр энергиясын тарату жүйелерінің реконструкциясы.

Оның есте қалған, жақсы қасиеттерінің бірі – қарамағындағы қызметкерлерге өте қайырымды еді. Ол ұжым тынысынан әркез хабардар болып отыратын. Жаңадан келген жас кадрдың өзі оның назарынан тыс қалмайтын.

1989 жылы қаламызда үлкен қозғалыс болғаны белгілі. Сол кезде жастар өз наразылығын білдірген еді. Бірақ оларды ешкім тыңдамады. Барлығын күшпен басты. Сол кезде партия жиналысында 40 басшының арасында Дәрмен жалғыз өзі қарсы шығып, «жастарды тыңдайық» деп үндеген еді. Ол тұста ешкім партияға қарсы сөйлемейтін.

Сырым Мамайұлы: – Мен 1971 жылы энергетикалық институтты тәмамдап, бірнеше жыл Түрікменстанның Ташауыз қаласында жұмыс істедім. Өзенге алғаш келгенімде Дәрмен Бекімовпен жолығып, жұмыс сұрадым. Жоғары білімді, тәжірибелі болған соң мені қызметке бірден алғысы келді.

Дегенмен басқа жұмысқа орналастым. Өзге жерде жұмыс жасасам да, содан бері екеуміздің арақатынасымыз еш үзілмеді.

Қоныс аударған алғашқы жылдары жұбайым балалармен жұмысқа шыға алмай отырды. Ол кезде балабақшада орын жоқ. Сосын мәселемді айтып, Дәрмен Бекімовке бардым. Өңгімемді тыңдап болып, өз мекемесіндегі кәсіподақ төрағасына балабақшаға 3 жолдама бер деп тапсырма берді. Бір-екі рет көрген мені сыйлап, құрметтеп, өтінішімді жерде қалдырмады. Жұмыс барысында кездесіп қалсақ, амандасып, хал-жағдайымды сұрап, құрақ ұшатын.

90 жылдары мектеп бітірген балаларды келісім-шартпен оқуға жіберетін жүйе пайда болды. Сол кезде де Өзеннің барлық дерлік тұрғыны Дәрмен Бекімовке баратын. Оның басқармасында жұмыс істесе де, істемесе де адамдарға көмектесетін.

1986 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» шешімімен біздің мекеме «Өзенэнергомұнай» басқармасына қосылды. Содан бастап 1994 жылға дейін мен Дәрмен Бекімовтің қол астында қызмет атқардым. Сол кездерде түнімен отырып, жұмыс істейтінбіз. Ол өте еңбекқор болатын. Осылайша 1987 жылы барлық қазандықтарға реконструкция жасап, Өзеннің жылуын жолға қойдық. Генераторлық қондырғыларды өзгертуіміздің арқасында, 1988 жылдан бастап апаттық жағдайдағы қазандықтар дұрыс жұмыс істеп бастады.

Ол Жаңаөзенге көп еңбегі сіңген, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленген адам. Оны танитындардың бәрі оның жұмыс жасау, жұмысты ұйымдастыру тәсіліне тәнті болады. Білгірлігі, іскерлігінен бөлек, адамгершілік қасиетімен жұртшылықтың жүрегінен орын алды деуге болады.

Әбіш Боранбаев: Мен Дәрмен Бекімовпен 1980 жылдан бері танысып. Оның мекемеге сіңірген еңбегін бәрі біледі. Ол – басқарманың іргетасын құйған, Жаңаөзен энергетика саласын дамытуда талай істер атқарып, тарихта қалған жан. Айта берсек, оның жүзеге асырған жұмысы жетерлік. Ол халықты электр энергиясымен қамтып отырған трансформаторлар, әуе желісін жаңартып, жаңа подстанция салды. Басқарманың 10 жылдығына арнап кітап та шығарды. Тағы бір айта кетерлігі, оның айналасында өзі сияқты жақсы кадрлар жұмыс істеді.

Азаматтығына сөз жоқ, жақсы адам еді. Адамдарды бөліп-жармайтын. Басқармада түрлі ұлттың өкілдері жұмыс жасады. Ол бәріне бірдей қарайтын. Орысы бар, кәрісі бар, ол үшін бәрі бірдей еді. Бәрінің жағдайын сұрап, көмек беруге әрдайым дайын тұратын.



Арманшыл, тұйық Дананың әке-шешесімен қарым-қатынасы шиеленісіп барады. Өзі ұнатқан сыныптасы Әсет бұған нөл назар аудармай, діңкесін құртты. Тұмсығын шүйіріп қалған өзінше біреу. Мектепте соны көрсе, көңіл-күйі бұзылып сала береді. Қыз оқуды ысырып қойды. Пайдасы жоқ көркемөнер мектебінен де шығып кетті. Қасындағы құрбыларынан да алшақтап кетті. Шетінен жүрген бір бақа-шөке. Олармен айтатын әңгіме де жоқ. 16 жастағы қырсық қыз жалғыз қалды. Еш жазығы жоқ жақын адамдарға әкіреңдеп сөйлеуді шығарды. Мектепте мұғалімдердің сұрақтарына құлықсыз жауап береді.

Құлағының шеміршегіне қатарынан үш күміс сырға тағып алды. Тәп-тәуір бұйра қара шашына эксперимент жасап, күлгін түске боятып, шала бүлінді. Тырнағын қола түске бояп алды. Таскерек қоғамға бірнәрсе дәлелдегісі келіп, ылғи қитығып, ұрсып, арасында үйінен қашып кететінді шығарды. Автобустардағы жолаушыларға әкіреңдеп, сызданып, тістеніп, кекете сөйлейді.

Құлағын тесіп, мұрнына сырға тағып, шүйдесін тықырлап алып тастап, шашын бояған Дананы көргенде мектеп директорының төбе шашы тік тұрды.

Үйінен өмірі ақша жетпей жүретін ыңылдаған көрші апа шықпайды. Дана салқын үнмен амандасады. Келе сөйлей жөнелді.

– Түнде дөңбекшіп дұрыс ұйықтай алмадым. Енді басым ауырып тұрғаны. Радиодан естідім. Жаман дауыл болып жатыр дей ме...

Кейуана аһыләп-үһіләп орындыққа отырады, шешесі үлкен кісінің алдына жылы-жұмсағын тосып, бәйек болып жатады.

Шағым айтудан шаршамайтын апаның дауысын естіген сайын Дананың жүйкесі ауырады. Қу кемпір айналадағы өмірден қажып кеткенде осында кеп шешесінің тәтті шайын ішіп кетеді.

Дастархан басында үн-түнсіз отыратын Дана бокалдағы шайына сауыттағы қанттың жартысын төңкере салады.

Соңғы уақытта біртүрлі, қорқынышты түстер көріп жүр... Күн ыстық екен дейді. Шөл қысып барады. Оянып кетсе, расында да ерні кеберсіп жатады.

Бір күні үйінің жанындағы дәмханаға бас сұқты. Қолына ас мәзірін алған ерке қыз тағамдарды дауыстап оқи бастады. Котлет, бөліш, гарнирсіз гуляш, шай, манти, палау, жеміс, көкөніс, салат, чизкейк, апельсин шырыны, компот...

Қасында тұрған даяшы жігіт мырс етіп күліп жіберді. Өзіне мезірет білдіріп, басын сәл иген түр-тұлғасы сымбатты жас жігіт Дананы елең еткізді. Дана Көмекпен осылай танысты. Джинсы, толстовка киген сұлу қыз да Көмекке бірден ұнады. Екеуі тез тіл табысты. Көмек

9-сыныпты өйтіп-бүйтіп аяқтап, колледжде түсіп кетіпті. Бағдарламашы мамандығында оқиды, әке-шешесінен, мұғалімдерден тезірек тәуелсіз болғысы келген көрінеді, тамақ пен жол ақысын көтере алатын даяшылық қолайына жаққан көрінеді.

– Колледжде рахат. Болмашы нәрсеге қадалып ешкім тиісе бермейді. Ешкім тырнағыңа қара лак жақтың деп ұрыспайды. Құлағыңдағы пирсингке бола бүкіл сыныптың алдына шығарып қоймайды, – деп жігіт оқу орнын әрі-бері мақтады.

Екеуі қала орталығындағы шағын, адам аяғы сирек, күтімі жақсы скверде қыдырады. Қыстық ауыр киімнен арылған олар жұмсақ көк шөпке жайғасып, әңгіме соғады. Әңгіменің тиегі ағытылады. Бір-біріне айтатын дүниесі көп боп шықты. Жігіттің арасында түрлі әзіл айтып тиіскеніне Дана мәз болып күліп отырды. Сөз тізгінін негізінен Көмек ұстап, Дана бас изеп қана отырып, кәдімгідей рахаттанып қалады.

Осыдан бастап Дананың мінезі жақсы жағына қарай өзгере бастады. Үйдегілермен де қарым-қатынасы түзелді. Әке-шешесі ерке қыздың жетістіктеріне, әсіресе көңіл-күйі қалыпқа түсе бастағанына білдірмей қуанып жүрді. Дана виртуал достарымен қоштасты. Өзіне екі хобби тауып алды.

Өзі сыйлаған пуловерді киіп алған Көмек асқан ыждаһаттылықпен таңдалған бір құшақ раушан гүлін әкеліп, ресторанға шақырғанда сүйкімді қыздың жүрегі енді қанаттанып ұясынан ұшқалы тұрған балапанның жүрегіндей дүрсілдеп кетті.

– Бізді жақын арада достар, саяхаттар, жаңалықтар күтіп тұр. Ғалам деген шексіз. Таулар биік, теңіз терең. Мен сені жанымдай жақсы көрем. Бізде бәрі жақсы болады. Мен қолымнан келгенше барымды салып жұмыс істеймін. Ешкімге жаутаңдамай өмір сүретін боламыз, – деді сентиментал жігіт Дананы құшақтап тұрып.

Аспанға қарап тұрып самал желге мұрнын тосып тұрған Дана әке-шешесінің мұны қалай жақсы көретінін, оларға түрлі қылық көрсетіп қалай қинағанын ойлады... Құшақтап кешірім сұрағысы келіп кетті.

Ұясына батып бара жатқан күннің шапағына малынып тұрған қала көшесінде келе жатқан Дана барлық адам мен бүкіл әлемге жақсылық пен тыныштық тіледі.

Бибігүл Бөбекбай





ҮКІЛІ ҮМІТ



Мұнайшы баласы «Зерде» сайысында

«Өзенмұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамту департаменті аға маманы Рзабек Құлмағамбетовтің баласы Ғаділбек Қалмұрат – Жаңаөзен қаласындағы №10 орта мектептің 2 «а» сыныбында оқиды.

ТОП ЖАРДЫ

Ғаділбек үздік оқушы. Мектеп қоғамдық жұмыстарына белсенді ат салысады. Былтыр «Әліппемен қоштасу» ертеңгілігін тәп-тәуір жүргізіп, көпшілік көңілінен шықты. Желтоқсанның 9 жұлдызында қала көлемінде 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобасы сайысы өтті. Аталмыш жарысқа Ғаділбек те

қатысып, «Жылқы – менің сүйікті жануарым» тақырыбы бойынша жоба қорғады. Бала жан-жақты ізденіп, кітап пен интернет ақтарды. Ғаділбектің ғылыми жоба жазуына – қаладағы сал ауруына шалдыққан балаларға атпен емдеу орталығы ашылып, сыныптағы Құрманғали Құлғанат аяғына тұрып, кәдуілгі балалардай жүріп, ойнап, секіріп кетсе деген ой

түрткі болды. Аталмыш жоба жомарт жандардың жүрегіне жетіп, қалалық сайыстан жүлделі I орынды ие-леніп, жеңіс тұғырына көтерілді. Жел-тоқсан айының 24 жұлдызында өтетін облыстық жарысқа жолдама алдық, – дейді жоба жетекшісі Амангүл Ізбасарқызы.

Мұнайшының зейінді де алғыр балапанына сәттілік тілейміз.

ЙОГА – жанға үйлесім мен тыныштық сыйлайды

Йога нұсқаушысы, БЖБ әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімі қызметкері Нұрия Ізтілеуовамен блиц-сұхбат.


– Бүгін спортпен айналысу сәнге айналды. Сіздің ең пайдалы спорт қатарына жататын йоганы таңдауыңызға не түрткі болды?

– Пандемия кезінде көптеген шаңырақ қара жамылып жатты. «Тас түскен жеріне ауыр» деген, жақындарынан айырылған адамдардың қабырғасы қайысты. Ауыр кезең болды. Осы өліара кезде, адам баласы үшін денсаулықтан артық байлық жоқ екенін жақсы түсініп, денсаулығым көңіл бөле бастадым. Жұмыс 5 күндік вахтаға ауысқандықтан, уақыт жоғалтпай Ақтау қаласындағы йога үйірмесіне қатысып, тыныс алудан басталатын ағзаға пайдалы сабақтарды меңгердім. Уақыт өте келе өзімді жақсы сезіне бастадым. Йоганың адам баласына тигізетін пайдасының орасан зор екеніне көзім жетіп, қызығушылығым артқан үстіне арта түсті. Тіпті йоганың отаны Үндістанға да барып келдім. Йога денсаулығыңды нығайтумен қатар жаныңды тыныштандырады. Йоганың мақсаты – тән мен жанның үйлесіміне жету. Денені шынықтыру арқылы жан саулығы мен сергектігін жетілдіру.

– Қандай жағдайда йогамен айналысуға тыйым салынады?

– Йогамен кез келген жағдайда айналыса беруге болады. Әлемде йогамен айналысушылар саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Қазіргідей қым-қуыт заманда спорттың бұл түрі миыңды тазалап, ойыңды ретке келтіреді. Ойы ретке келген жан сәл нәрсеге күйіп-піспейді. Сабыр иесі болып шыға келеді. Адамдармен қарым-қатынасы жақсарып, жүрегі мейірімге толады.

– Йога артық салмақтан арылуға көмектесе ме?



– Көмектеседі. Жаман ойлардан аулақ болу – арықтау әдісінің бірі. Жалпы семіздіктің рахатын көрген адам тарихта болмаған. Сондықтан артық салмақтан арылу үшін бүгінде әлем болып күресіп жатыр. Швеция ғалымдарының айтуынша – артық салмақ адамның есте сақтау қабілетін төмендетіп, оны ақымақ ете бастайды. Тіпті семіздік мидың қартаюына, буын ауруларына душар етеді.

– Йоганың түрлері, жүкті адамға пайдасы туралы таратып айтып берсеңіз?

– Пайдасы ұшан-теңіз. Жүкті келіншек йогамен айналысу арқылы өзін, ойын, миын, санасын тәртіпке келтіріп, уақыты келгенде өте жеңіл босанады. Өкінішке орай, жүкті келіншектерге арналған йога үйірмесі Жаңаөзенде жұмыс

істемейді. Жалпы йога біздің қалада жоқтың қасы десек те болады. Менің өзім де жоқтан жонып дегендей қақырықтай жерге білгенімді әріптестеріме үйретіп жүрген жайым бар.

– Бүгінгі таңда қаламызда йогамен айналысатындар саны қаншаға жетті? Қалада йогамен айналысуға қолайлы жағдай жасалған ба?

– Қаламызда «Өзен сауда» ғимаратында Нысангүл, Майра есімді нұсқаушылар ниет білдірген қыздарды йогамең жаттықтырып жүр. Қазақта «Көш жүре түзеледі» деген жақсы сөз бар. Йогаға сұраныс бар, маман тапшы. Уақыт керек, бәрі реттеледі деп сенемін. Ел ағалары аталмыш спорт түрінің пайдасын білсе, қанат жаюына қол ұшын беріп, үлкен залмен қамтамасыз етуге ат салысатын шығар деген үміт бар.

– Йогамен адам неше жастан бастап айналысқаны жөн, спорттың осы түріне қызығушылық танытып, айналысқысы келген жандардың жасына байланысты шектеу қойыла ма?

– Әдетте спорттың бұл түрімен бес жастан бастап айналысқан дұрыс. Бұл жаста бала ақыл тоқтатады. Ал үлкен кісілердің жасына шектеу қойылмайды. Йога спорт түрінің ерекшелігі – ақ тер көк тер болып ешкіммен бәсекеге түспейсің. Ынтықпайсың, терлеп-тепшімейсің. Сіз санаңыздағы қоқыстан құтыласыз. Медитация жасау арқылы адам рухани өседі. Жоғары сатыға көтеріледі. Жақсы жағына қарай өзгереді.

– Йоганың адам тәніне, адам жанына (психологиясына) қандай әсері бар?

– Адам есейе келе өмірден мән іздей бастайды. Сана-лы адам өзін іздей бастайды. Йога адам мен Жаратқан арасындағы тылсым байланыс орнатады. Тәнің мен жаныңа керемет тыныштық келеді. Адам өмірге ас ішіп, аяқ босату үшін келмейді. Адам өзін керексіз сезінген кезде, торығу мен жабығу пайда болады, өзінің сүйікті ісімен айналысып, өзіне, отбасына, қоғамға пайда әкелетін болса, өзін бақытты сезінеді. Йогамен айналысып, жан тыныштығына ие болыңыз.

– Мәнді әңгімеңізге рахмет.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТИ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы,
Сәтбаев көшесі, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г кәуәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:
Жұртшылық және мемлекеттік органдармен
байланыс департаменті
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**
Журналистер: Гүлсім Ербөлекова,
Әсел Қазмағамбетова, Жазира Ақбергенова
Пошталық мекен жайы: psdso@umg.kmger.kz
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445

«АТИС» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3-кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады